

№74 жалпы орта білім беру мектебі
Директордың бейін ісі жөніндегі орынбасарының
2022-2023 оқу жылында атқарылған қорытынды есебі

Түркістан облысы Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты, Капланбек ауылдық округында № 74 жоббм. Жонарық елді мекеніндегі Достық көшесі бойында орналасқан. Жаңа үлгідегі типтік 3 қабатты ғимарат 2016 жылы 1 қыркүйекте пайдалануға берілді. Мектептің сыйымдылығы 300 орындыққа арналған. Мектеп тарихына биыл 6 жыл толып отыр. Мектеп ашылған жылы 379 оқушымен бастап, 18 сынып комплекті болған болса, 2022-2023 оқу жылында 24 сынып комплекті 534 оқушы 2 ауысымда білім алды. Оның ішінде 1 түзете-дамыту сыныбы арнайы бағдарламасы бойынша жинақталған.

1- ауысымда 13 сынып 285 оқушы оқыса, ал 2-ауысымда 230 оқушы 10 сынып комплект оқыды. 1 МАД тобы.

Денсаулығына байланысты ерекше білімді қажет ететін 2 оқушы үйде арнайы бағдарлама бойынша білім алды.

Мектеп әкімшілігінде штат бірлігі

1 бірлікте ОІЖО, 1,5 штат бірлікте ТІЖО, 1 бірлікте БІЖО, 1- бірлікте ШІЖО, Әлеуметтік –педагог, педагог-психолог, педагог-ұйымдастырушы сонымен қоса педагог-тәлімгер, кітапхана меңгерушісі мен АӘД жетекшісі жеке-жеке 1 штат бірлікте берілген.

Мектептің материалдық техникалық базасы бойынша оқу кабинеттерінің жалпы саны - 25

Жаңа үлгідегі химия, физика, информатика кабинеттері арнайы зертханалармен жабдықталған. Мультимедия, 2-лингфон кабинеті, 2- шеберхана. 1- Спорт зал, АКТ зал, Асхана, 1- кітапханамен қамтамасыз етілген.

Барлық компьютерлер саны -34

Ұжымда жалпы 88 қызметкер жұмыс жасайды.

Жалпы педагогтар саны - 64,

Кіші қызметкерлер саны - 24

Педагог қызметкерлердің сапалық құрамы:

Педагогтардың барлығы жоғары білімді.

Қызыл дипломмен бітірген педагогтар саны - 4 ,

Магистр дәрежесіндегі 1 ағылшын тілі пәні мұғалімі жұмыс атқарады.


Жалпы тарификациялық есеп бойынша сағат саны – 946,5

Орташа апталық жүктемесі – 18,9 пайыз

Жаңа форматтағы біліктілік санаты бойынша,

Педагогтердің біліктілігі

Біліктілігі бар педагогтер 56 пайызын құрайды.



Жас келсе іске демекші, мұғалімдердің басым бөлігі жастар.

Педагогтардың жас бойынша орташа көрсеткіші 34 жасты көрсетеді.

Жас әрі жаңадан келген педагогтерге әдістемелік көмек көрсетуді ұйымдастыру үшін Жас педагог мектебі құрылды.

Жаңадан жұмысқа кірген жас мамандарға 2 тәлімгер бекітілген.

1. Педагог- шебер, білікті маман, биология пәні мұғалімі Ережепова С
2. Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші, өз ісінің маманы болған А. Сейтжанова бекітіліп, тәлімгерлер жас мамандарға әдістемелік көмек керсетуде өз септігін тигізуде.

Мектептің миссиясы: Жас жеткіншектердің заманауи білімді, сыни ойлайтын, шығармашыл, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыру

Күтілетін нәтижеміз: Жоғары мәдениетті, білім мен ғылым саласына бейімделген, нәтижеге бағытталған, функционалды білім беру болып табылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2015 жылғы 22 сәуір №227 бұйрығымен бекітілген тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері басшылыққа алынып, тәрбие мақсаттарының бағыттары және 2021-2022 оқу жылындағы оқу- тәрбие саласы Әдістемелік Нұсқау хат тұжырымдамасы негізінде мектептің жоспары құрылды.

Жоспарға сай әдістемелік бірлестіктер құрылып, іс-шаралар мен кешенді жұмыстар атқарылды. Талдау жұмыстарын жүйелі жүргізу мақсатында білікті педагог тізбесінен шығармашылық топ құрылды. Бірлесе түзілген жоспарға сай қабілетті оқушылармен жұмыс, үлгерімі төмен оқушылармен атқарылған жұмыстар нәтижесі тоқсан сайын терең талданып,


білім сапасы 1 –тоқсан 37,7 пайызды құраса,

2- тоқсан 49,2 пайыз

3- тоқсан 50,3 пайызға

4-тоқсан 66,6 пайыз

Жылдық сапалы білім 66,9 құрады. 3 жылдық білім сапа көрсеткішіне тоқталсам,



Қапланбек округына қарасты серіктес мектептермен бірлескен жұмыс атқару ісі бойынша жетекші мектеп қатарындамыз. Жоспар бойынша өзара тәжірибе алмасу мақсатында аймақтық пән олимпиадалары өткізілсе, «Білім беру мазмұнын жаңарту үдерісінде үлгерімі төмен оқушылардың білімін бағалау» тақырыбында

аймақтық семинар өткізілді. Семинар барысында мектебіміздің білікті мамандары математика пәні мұғалімдері Г. Қазбекова, Д. Сауранова, жас мамандар Н. Айдаралы мен Дауленова Аяулымның нәтижелі жұмыстары мен сабақ өту барысында көрсеткен тың идеялары серіктес әріптестер тарапынан құнды деп бағаланды.

Бейімделу сыныптарының 1-5 сынып оқушылары арасынан бейімделуін анықтау мақсатында сауалнамалар алынып, жақсарту үшін топтық психологиялық жаттығулар мен тренингтер «Менің сыныбым» «Менің мектебім» «Менің достарым» тақырыптарында жүргізілді. Мұғалімдеріне және ата-аналарына қажетті ұсыныстар берілді.

2-11 сыныптар арасылығында «Бес терек» жобасы аясында кабинеттік талдау мен далалық зерттеу жүргізу және «Тәуекел тобын» анықтау жұмыстары жүргізіліп нәтижесінде 72 оқушының «Тәуекел» тобында екені анықталды, Оның жасыл деңгейінде 56, сары деңгейінде 16, қызыл деңгейде 0 екені анықталды. «Тәуекел» топ бойынша ата – аналары мен мұғалімдеріне түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушыларды бақылау, топтық және жеке кеңес беру жұмыстары, психологиялық жаттығулар мен тренингтер жүргізілді.

Мектеп өмірінде кеңінен орын тапқан сыныптан тыс жұмыстың бір түрі – **ҮЙІРМЕ**

Үйірмелер түрі – Мәнерлеп оқу, Шешендік қасиетті өнер, Шахмат ойыны, Ағаш өңдеу, Шебер қолдар, Тоғызқұмалақ, Валеболл спорттық үйірмелері және пән үйірмелерін қоса алғанда қазіргі таңда 20 үйірме жұмыс жасайды. Дегенмен алдағы уақытта тағы да пәндік үйірмелерді көбейтуді көздеп отырмыз.

Жылдық жоспарға сай түрлі іс-шаралар мен мектеп тынысы, ашық тәрбие сағаттары жүйелі өткізілді. Өткізілген іс-шараларға талдау жүргізе отырып, №74 жалпы орта мектебінің жеке ФЕЙЗБУК парақшасында үздіксіз жарияланып тұрды.

XXI ғасырда әлемдік өркениет төрінен орын алуы үшін, Қазақстанның жан-жақты дамуының бірден-бір жолы ғылымды әр қырынан меңгерту болып табылады


Биылғы оқу жылында бітіруші 11- сыныпта 24 білім алушы аяқтады. Оқу жылы барысында аудандық, мектепшілік байқау сынақтарына барлық оқушылар толық қатысты «Ustudy» тестілеу орталығының Сарыағаш аудандық филиалы ұйымдастырған ақпан, наурыз және мамыр айларындағы ақылы сынақтарға қатысып, сертификаттарға ие болды.

Маусым айындағы өткізілген соңғы ҰБТ науқанына өз өтініштері бойынша 17 оқушы қатысты. Қатысу пайызы -70 %

Қатысу пайызы **қаңтар** айында 87 % ,

наурыз айында 60% ,

маусым 70% құрайды.



100-140 лл аралығында 1 оқушы

1. Айтқұлова Ұлжан Бақтиярқызы - 135 балл

80-100 балл аралығында - 7 оқушы

1. Құрбанбай Зейнеп Қайратқызы – 88 балл
2. Ұласов Даурен Адильжанұлы – 83 балл
3. Тілеубай Мерей Серікқызы – 81 балл
4. Амминова Саида Каниикқызы – 77 балл
5. Досқұл Дарын Ермекұлы - 76 балл
6. Тұрсынбай Асемай Алтынбекқызы – 77 балл
7. Егемберді Дана Сүндетбекқызы - 73 балл


50-79 балл аралығында оқушылар саны - 8

1. Худайберген Аружан Бақытжанқызы - 69 балл
2. Абжаппарова Мәдина Полатқызы – 68 балл

3. Шадибек Даниял Данебайұлы -66 балл
4. Камбілбай Мерей Әділбекқызы – 62 балл
5. Сүлеймен Айбол Жаңабайұлы – 58 балл
6. Ибрагим Жанарыс Бакирұлы – 54 балл
7. Жақсыбай Аружан Сакенқызы- 52 балл
8. Сабыр Еділ Мұхтарұлы – 51 балл

Шектік баллға жетпеген оқушы саны- 1

1 Адамбек Нұрболат Сейдалыұлы- 42 балл



№74 жалпы орта білім беретін мектебі

2022-2023 оқу жылғы педагогтердің жеткен жетістіктері

туралы анықтама

Директор алды кеңес

Сәуір айы

«Жақсы мұғалім – мектептің жүрегі» - деп Ы. Алтынсарин айтқандай кез-келген білім ошағының озық жүруі үшін оның ұстаздар ұжымы мықты болуы шарт. Мектебіміздің осындай ұстаздары аз емес. Ұстаздарымыздың дайындаған оқушылары басым көпшілігі аудандық, облыстық және республикалық деңгейде ұйымдастырылған байқаулар мен пән олимпиадалары және түрлі білім сайыстары, педагогикалық оқуларға қатысып, жүлделі орындарға ие болуда.

Педагогикалық қызметкерлердің мектеп жетістігіне қосқан үлестерінен ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсанда №514 бұйрығының бекіткен тізбесі аясында аудандық, облыстық, республикалық жетістіктеріне тоқталатын боламын.

2022-2023 оқу жылға қойылған мақсатымыз негізінде

Аудандық кезең, тамыз конференциясында құнды баяндама оқығаны үшін Жуманова Асия Алшынбаевна Құрмет грамотасы, белсене қатысқаны үшін қазақ тілі пәні мұғалімі Анарбаева Айнур Муратқызы, мазмұнды баяндама оқығаны үшін ағылшын тілі пәні мұғалімі Өтебай Әйгерім Акбарқызы марапатталды.

«Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» «Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау» атты ғылыми жоба бағытында орыс тілі пәні мұғалімі Оспанбекова Айдана Суннатовна I орынмен марапатталды.

Аудандық мұғалімдер олимпиадасында шығармашылық ізденісімен II орын алған қазақ тілі пәні мұғалімі Анарбаева Айнур Муратқызы Құрмет грамотасымен марапатталды.

Пән мұғалімдері арасында «Педагогикалық дебют» атты байқауда ізденіс танытып, I орынға ие болған әріптесіміз ағылшын тілі пәні мұғалімі Өтебай Әйгерім Акбарқызы марапатталды. «II Ыбырай жазулары» аудандық жазба жұмыстары байқауында жүлделі II орынға ие болған әріптесіміз Анарбаева Айнур Муратовна марапатталды. М. Әуезовтың 125 жылдығына арналған аудандық көркемсөз оқу шеберлігі байқауында бағын сынап, ерекше шеберлікпен орындағаны үшін III орынмен қазақ тілі пәні мұғалімі Анарбаева Айнур Муратқызы марапатталды. Мектеп оқушыларының 2022-2023 оқу жылындағы жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың облыстық кезеңіне тыңғылықты дайындық жасап, ауданның білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін Анарбаева Айнур Муратқызы аудандық Алғыс хатқа ие болды.

Пән мұғалімдері арасында «Поэзия әлемі» байқауының II кезеңі «Тұғыры биік тәуелсіздік» тақырыбында аудандық эссе жазу бойынша ағылшын тілі пәні мұғалімі Оспанбекова Халида Суннатовна 2-орынмен марапатталды.

Жас мамандар арасында «Жаңа мектепке – жаңашыл ұстаз» атты VI Республикалық байқауының аудандық кезеңінде информатика пәні мұғалімі Разахова Ақмарал Тагаевна III орын, марапатталды.

Аудандық «Үздік жыл психологы» байқауына белсене қатысып, бас жүлдеге ие болған педагог-психолог Құралбек Нұргүл Тұрарбекқызы Құрмет грамотасымен облысқа жолдама алды.

«Үздік интербелсенді сабақ-2023» байқауында кәсіби шеберлік танытқан үшін II орынмен тарих пәнінің мұғалімі Айтмурзаева Алтынай Абдрахмановна Құрмет грамотасы, «Ауданның Үздік педагогы» конкурсына қатысып «Үздік педагог» атағына лайықты деп табылған бастауыш сынып мұғалімі Жуманова Асия Алшынбаевна, қазақ тілі пәні мұғалімі Ажибаева Ақбөпе Батырханқызы Дипломдармен марапатталды. «Ең үздік бастауыш сынып мұғалімі-2023» атты байқаудың II орын жеңімпазы Уйсинбаева Алтынай Исаевна Құрмет грамотасына ие болды, «Бақытқа жол» тақырыбындағы аудандық айлыққа белсене қатысқаны үшін бастауыш сынып мұғалімі Сейтжанова Алтынай Абаевна Алғыс хатпен марапатталды.

Облыстық жетістіктер: «Медиа технологиялық әдіс-тәсілдерді сабақ барысында пайдалану» облыстық семинарда озық идеясымен Ережепова Сауле Альжановна Мадақтама, «тілдерді оқытуда пәнаралық бйланысты іске асырудың жолдары» тақырыбында облыстық тәжірибелік семинарда озық идеялары үшін Анарбаева Айнур Муратқызы Мадақтама алып келді. Қанипа Бітібаева олимпиадасына оқушы дайындағаны үшін облыстық Алғыс хатпен марапатталды. « Үздік бастауыш сынып мұғалімі -2023» облыстық қашықтықтағы байқауға қатысып, II дәрежелі Дипломмен марапатталған.

Республикалық жетістіктерді мақтанышпен айтып өтетін болсам, ҚР – ның Оқу-ағарту министрлігінің арнайы тізімдемесіне сай ауыл мектептеріне арналған «Мың бала» Ұлттық зияткерлік республикалық олимпиадасының жүлдегерін дайындағанын растайтын сертификат

математика пәні мұғалімі Дауленова Аяулым Айдарқызына берілді. «Мақатаев кз» – Мұқағали әлемі білім порталы ұйымдастырған конкурсынан өз тәрбиеленушілерін қатыстырып, белсенділігі үшін бастауыш сынып мұғалімі Жуманова Асия Алшынбаевна, Наалибаева Нафиса Усенбаевна, Құрмет грамотасы және Алғыс хатпен марапатталды. Педагогтерге арналған **ПедСтарт** «Кәсіби құзыреттілік бойынша тарих пәні мұғалімі Ағыбаева Айнур Ермахановна жүлделі I орын, бастауыш сынып мұғалімі» Үйсінбаева Алтынай Исаевна жүлделі 1-орын, биология пәні мұғалімі Белходжаева Айман Амангельдыевна жүлделі 1-орынмен марапатталды.

Авторлық бағдарлама Республика көлемінде «Мәтінді талдау жолдарын меңгерту» тақырыбындағы авторлық бағдарламасы ISBN 978-601-09-1602-9 нөмірімен тіркеліп расталған.

ДБЖО : А.Ағыбаева